ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ

**ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ КОМИТЕТІ**

МИНИСТЕРСТВО ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

**КОМИТЕТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА**

010000, Астана қаласы, Жеңіс даңғылы, 11
тел.: 8(7172) 71-81-03 қабылдау бөлімі
тел.: 8(7172) 71-77-67, факс: 8(7172) 71-81-04

010000, город Астана, Проспект Победы, 11
тел.: 8(7172) 71-81-03 приёмная
тел.: 8(7172) 71-77-67, факс: 8(7172) 71-81-04

№ КВГА-15-РП-НН-197-КВГА-3271 от 15.03.2019г.

ЖК «ЖАИМБЕТОВ»

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит Комитетімен *(ары қарай - Комитет)* Сіздің 2019 жылғы 25 акпандағы № 29576 шағымыңыздың негізінде ұйымдастырушысы Түркістан қаласы әкімдігінің «Мемлекеттік сатып алу бөлімі» ММ болып табылатын ашық конкурс тәсілімен өткізілген № 3015339-2 мемлекеттік сатып алулары бойынша камералдық бақылауы жүргізіліп, келесідегі анықталды.

«Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығының (бұдан әрі-Қағидалар) Конкурстық құжаттамаға 5-қосымшаның ескертуіне сәйкес растайтын құжаттардың электрондық көшірмелерін ұсыну тек көрсетілуі конкурстық құжаттамада көзделген мәліметтер бойынша міндетті. Егер конкурстық құжаттамада тиісті материалдық және еңбек ресурстарының болуы бөлігіндегі талаптар көзделмеген жағдайда, растайтын құжаттардың электрондық көшірмелері ұсынылмайды.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, жалға беруші көлік қожайынының жеке куәлігінің көшірмесін, және де материалдық ресурстарының *(пила, вибратор глубинный)* төлем құжаттарын ұсыну қажет емес.

Қағидалардың 85-1 тармағына сәйкес тапсырыс берушіге шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті материалдық және еңбек ресурстары конкурстық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшелікте көрсетіледі.

Қағидалардың 150 тармағына сәйкес әлеуетті өнім беруші (конкурсқа қатысушы болып танылған) конкурсқа жіберілмейді егер: ол және (немесе) оның қосалқы мердігері не бірлесіп орындаушысы конкурстық құжаттамада көрсетілген, шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық және еңбек ресурстарына ие болуы бөлігінде әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптарына сәйкес болмауы негіздемесі бойынша біліктілік талаптарына сәйкес келмейді деп айқындалса.

Демек, ЖК «Смарт Сервис», ЖК «Мурадимов», ЖШС «Буран-Тараз», ЖШС «Kaz Damu Leaders» әлеуетті өнім берушілер материалдық ресурстарына ие болуы бөлігінде біліктілік талаптарына сәйкес болмауы анықталды.

Қағидалардың 150-тармағына сәйкес салық төлеушінің салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мен

әлеуметтік аударымдар бойынша берешегінің жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтер конкурс жарияланған күннен кейін веб-портал арқылы алынады.

Өнім берушінің нұсқаулықтарына сәйкес өтінімді қалыптастырған кезде жүйе МКК "ЦУЛС" АЖ-не сұрау салады және сәтті жіберілген жағдайда төмендегі хабарламаны көрсетеді, сұрау салудың мәртебесі "өңдеуге жіберіледі" болады.

Сұрау өңделгеннен кейін, өңдеу сәтті болған жағдайда сұрау салу мәртебесі "өңделуге" өзгереді, жүйе сұрау салуды алу күні мен уақытын тіркейді.

Егер салық берешегінің жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтерді алу барысында қателер туындаса, сұрау салу мәртебесі "қатеге" өзгереді, салық берешегі туралы мәліметтерді қайтадан алуға болады.

Егер бар болса, жүйе тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің алты еселенген мөлшерінен асатын салық берешегінің және міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша берешегінің болуын тексереді.

Егер Өнім берушінің салық берешегі және міндетті жарналар бойынша берешегі болмаса не төлеу мерзімі кейінге қалдырылса, онда жүйе лотқа (ларға) баға ұсынысының көрсетілген сомасымен келісімді растау туралы нысанды көрсетеді.

Егер Өнім берушінің салық берешегі және міндетті жарналар бойынша берешегі болса не төлеу мерзімі кейінге қалдырылса, онда жүйе қате туралы хабарламаны көрсетеді.

Осылайша, салық берешегі болған жағдайда әлеуетті өнім берушілер конкурсқа қатысу үшін конкурстық өтінім беруге мүмкіндігі болмайды.

Осылайша, Сіздің шағымыңызда келтірілген дәлелдер өз растауын ішінара тапты.

Камералдық бақылаумен басқа да бұзушылықтар анықталды, оның қорытындысы бойынша Комитет камералдық бақылау жүргізу ережелеріне сәйкес шаралар қабылдайтын болады.

Осы хатпен келіспеген жағдайда, Қазақстан Республикасының «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 14 бабының 6 тармағына сәйкес, лауазымды тұлғалардың іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) не өтініш бойынша қабылданған шешімге шағым жасауға құқығыңыз бар.

Төрағаның орынбасары **Ш. Шайназарова**

Орын. Ахмет Е.А.
Тел. 71-83-60